

The background is a light gray gradient with several realistic water droplets of various sizes scattered across it. The droplets have highlights and shadows, giving them a three-dimensional appearance. The text is centered in the middle of the page.

ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ

- **ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ** ДЕГЕНІМІЗ БАЛАЛАРДЫҢ БОЙЫНДА ӨЗ ӨМІРІН СҰЛУЛЫҚ ЗАҢДАРЫНА САЙ ҚҰРА АЛУ КАЖЕТТІЛІКТЕРІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ, ЕНБЕКТЕ, ҚОҒАМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕ АДАМДАРМЕН ҚАТЫНАС ЖАСАУДЫ СҰЛУЛЫҚ ИДЕАЛДАРЫН НЕГІЗДЕУ.
ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МАҚСАТАТЫ — БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН, ӘЛЕМДІ СҰЛУЛЫҚ ЗАҢДАРЫ АРҚЫЛЫ ТАНУҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫ МЕН ТАЛПЫНЫСТАРЫН ДАМЫТУ.


ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МІНДЕТЕРІ:

- — ЭСТЕТИКАЛЫҚ БІЛІМДЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ;
- ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТКЕ ТӘРБИЕЛЕУ;
- АТА-БАБАЛАРЫМЫЗДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ МӘДЕНИ МҰРАНЫ ИГЕРУ;
- ШЫНАЙЫ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТЫ ОРНАТУ;
- ЭСТЕТИКАЛЫҚ СЕЗІМДЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ;
- АДАМДЫ ӨМІРДЕГІ, ТАБИҒАТТАҒЫ, ЕҢБЕКТЕГІ ӘСЕМДІККЕ БАУЛУ;
- ӨЗ ӨМІРІН ЖӘНЕ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН СҰЛУЛЫҚ ЗАҢДАРЫНА САЙ ҚҰРУ
ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН ДАМУ;
- ЭСТЕТИКАЛЫҚ



- ЕҢБЕК ӘСЕМДІГІН ҚАБЫЛДАУДЫ ҮЙРЕТІП, ҚОҒАМДЫҚ ІС- ӘРЕКЕТ ӘСЕМДІГІНЕ СЕЗІМТАЛДЫҒЫН ТӘРБИЕЛЕП, МҰҒАЛІМ БАЛАЛАРДЫҢ ЕҢБЕК БЕЛСЕНДІЛІГІН КЕҢЕЙТУГЕ ДЕН БЕРЕДІ. ЭСТЕТИКАЛЫҚ КӨЗ ҚАРАСТЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ӘРІ ТІКЕЛЕЙ, ӘРІ ЖАНАМА ҚАТЫНАСЫ БАР. БҰЛ БІЗДІҢ ҚОҒАМДЫҚ ӨНДІРІС АДАМДАРДЫҢ ӨСКЕЛЕҢ РУХАНИ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН ҚАНАҒАТТАНДЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАНДЫҒЫНАН ТУЫНДАЙДЫ. ӨНДІРІЛГЕН ТОВАРЛАР САПАСЫН ӘСЕМДІГІ ТҰТЫНЫЛУЫ ЖАҒЫНАН ҮЛКЕН ӘСЕР ЕТЕДІ. МҰНЫҢ ӨЗІ ӘР БАЛАНЫҢ БІЛІМ АЛУЫНДА БЕЛГІЛІ ДӘРЕЖЕДЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ КӨЗ ҚАРАС МӘДЕНИЕТІ БОЛУЫН ТАЛАП ЕТЕДІ.





- ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТІ – ӨНЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ САЛАЛАРЫНДА БАЛАЛАРДЫҢ ҚАБІЛЕТІН, ЫНТАСЫН ЖӘНЕ БЕЙІМДІЛІГІН ДАМЫТУ. ОСЫҒАН ОРАЙ, МЕКТЕПТЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІҚТИМАЛ МҮМКІНДІКТЕРІН ЖӘНЕ ҚАБІЛЕТІН БАРЫНША АШУ КЕРЕК.



- МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕРІ, ОЛАРДЫҢ ЕҢБЕККЕ ӘСЕМДІК ТҰРҒЫСЫНАН ҚАТЫНАСЫ,ӨЗІНДІК БЕЛСЕНДІ ІС-ӘРЕКЕТІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЕКЕНІН КӨРСЕТЕДІ. МӘСЕЛЕН ӨЗІ ШЕШУ МҮМКІНДІГІ БОЛҒАНДА ҒАНА ОНЫҢ ӘРІ МІНЕЗ- ҚҰЛЫҚТЫҚ, ӘРІ ӘСЕМДІК КӨҢІЛ- КҮЙІ ЖАЙ ТАБАДЫ, ТОЯТТАЙДЫ.

ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МІНДЕТІ МІНДЕТІ – ИМАНДЫЛЫҚ,

- АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІ МЕН БІРЛІКТЕ ШЕШІЛЕДІ. ТҰЛҒАНЫҢ БОЙЫНА АДАЛДЫҚ, КІСІЛІК, ШЫНШЫНДЫҚ, ГУМАНИСТІК, ЖАНЫ ЖАЙСАН, КӨҢІЛДІ ДАРҚАН ИГІ ҚАСИЕТТЕР ТҰТАСА КЕЛІП БІР АРНАДАН ТОҒЫСАДЫ. ӨЙТКЕНІ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ ӨЗ АЛДЫНА ОҚШАУ ТҰРҒАН ТӘРБИЕ ЕМЕС, МЕКТЕПТЕ ОҚЫЛАТЫН ПӘНДЕР ЖҮЙЕСІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ. ӘСІРЕСЕ, ӘДЕБИЕТ, МУЗЫКА, КӨРКЕМ ӨНЕР САБАҚТАРЫН ӨТУДЕ ЕРЕКШЕ МӘН БЕРІЛЕДІ. СОНДАЙ-АҚ СЫНЫПТАН ТЫС ӨТКІЗІЛЕТІН ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫНДА, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗДЕРІ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН СТУДИЯ, ТЕАТР, ТҮРЛІ САХНАЛАР ҚОЙЫЛЫМДАР АРҚЫЛЫ ОРЫНДАЛАДЫ.